

**Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
Аналитикалық анықтама**

Шымкент қаласы

«31» наурыз 2023 жыл

Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК (ары қарай – Колледж), Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 116-тармағын орындау шеңберінде, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген негізгі қағидаларды басшылыққа ала отырып сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Колледждің орналасқан жері: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Желтоқсан көшесі 22.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша Колледж директорының 2023 жылғы 09 қаңтар №10 н/қ бұйрығымен жұмыс тобы құрамы бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2023 жылдың 01 бастап 31 наурыз аралығында.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынандай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Колледж «Емдеу ісі» бөлімінің мұғалімдері мен білімалушылары арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 2. «Емдеу ісі» бөлімінің ұйымдастырушылық қызметі мен оқу процесінде және нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- «Емдеу ісі» бөлімінің қызметі – деп мынандай мәселелер түсіндіріледі:
- Емдеу ісі қызметі– бұл базалық медициналық білім беру;
 - Білімалушыларға теориялық және практикалық білім беру;
 - Емдеу мекемелерінде пәндер бойынша практикалық сабақтар өту;
 - Пәндерден семестрлік сынақтар мен емтихандар өткізу, қортындылау.
- «Емдеу ісі» мамандығы мына бағыттар бойынша кәсіби фельдшер мамандарын дайындайды.

«Емдеу ісі» мамандығы бөлімінің біліктілік талаптарында айқындалған нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық және бұзушылық

жасауға ықпал ететін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкіндігі бар, атап айтқанда:

1. Дәлелсіз себептермен сабаққа келмеген білімалушыны жабу, журналға белгілемеу;
2. Білімалушылардың оң баға алуы үшін негізсіз көтермелеу;
3. Емтихандар мен сынақтарды тапсыру кезінде топ жетекшілері мен білімалушы тарапынан заң бұзушылық орын алуы тәуекелділігі.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу бойынша қызметкерлердің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес, заң бұзушылықтарды болдырмау және Әдеп Кодексінің талаптарын сақтау бойынша сабақтар өткізілді. Колледж қызметкерлері осы тақырыптар бойынша ескертпелермен таныстырылды.

Комплаенс қызметкері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңына сәйкес, квазимемлекеттік субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар бойынша іс-шаралар атқарды.

Колледж компаенс қызметкері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында семинар сабақтары жүргізіліп отырады.

Мүдделі қақтығыс фактілері анықталмады.

Ішкі талдау қорытындысы.

1. 2023 жылдың бірінші тоқсанында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша топ жетекшілері мен білімалушы тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері анықталмады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша бөлімше жұмысына қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тәуекел мүмкін болатын мәселелері қарастырылды.

Ұсынылды:

1. Колледж топ жетекшілері мен білімалушы тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері орын алмас үшін, цифрландыру жүйесі бағдарламасын енгізуді қарастыру:

- Электронны күнделік;
- Бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін (ақпараттық желіні) құру және дамыту бойынша колледж жұмысын үйлестіру;
- Оқу процесіне және жоғары медициналық колледж қызметінің өзге де салаларына ақпараттық технологияларды құру және енгізу тетіктерін әзірлеу;
- Енгізілген бағдарламалар мен бағдарламалық құралдарды сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- Білім алушылардың жеке оқу жоспарларын қалыптастыруға қатысады, анықтамалық-нұсқаулық жасау;

- Тестілеуді емтихандар мен сынақтарды өткізуді қамтамасыз етеді. Тестілеу бойынша емтихандар мен сынақтардың нәтижелерін талдау;
- Білім алушылар мен оқытушылардың ақпараттық жүйесіне кіру үшін логин мен пароль беру, сондай-ақ электрондық платформасын жүргізу.

2. Кәсіпорынның қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі», «Азаматтық қызметшілердің қызмет әдебі кодексі», «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасының Заңдары бойынша түсіндірме жұмыстарын әрі қарай жүргізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған үгіт материалдары және сенім телефоны нөмірі бар плакаттар колледждің барлық ғимараттарының көрнекті жерлерінде орналастырылған.

Жұмыс тобының төрағасы



Е.Құрбанов


Жұмыс тобының мүшелері:



Г. Абишев



М. Султанов



Г. Нурдаулетова




Г. Ешова



А. Булдырыкова




Н. Бопова



Ж. Поштаева



А. Хамитова



Г. Дарибаева

Хатшы



Н. Ниятуллаев